

АгроОнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті орган агроОнеркәсіптік кешен саласындағы дайындаушы ұйым бюджет қаражаты есебінен алған қосылған құн салығы сомасы субсидияларының сомалары жөніндегі мәліметтерді табыс ету қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 291 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылды 1 шілдеде № 11518 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 27 ақпандағы № 305 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Қаржы министрінің 27.02.2018 № 305 (алғашқы ресми жарияланған қунінен кейін құнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 583-бабы 7-2-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған АгроОнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті орган агроОнеркәсіптік кешен саласындағы дайындаушы ұйым бюджет қаражаты есебінен алған қосылған құн салығы сомасы субсидияларының сомалары жөніндегі мәліметтерді табыс ету қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті (Д.Е. Ерғожин) заңнамамен белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он құнтізбелік құн ішінде оны мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған қунінен кейін қолданысқа енгізіледі

Қазақстан Республикасының

Қаржы министрі

Б. Сұлтанов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Ауыл шаруашылығы министрі

_____ А.С. Мамытбеков

2015 жыл 22 сәуір

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрінің

2015 жылғы 30 сәуірдегі

№ 291 бұйрығымен

бекітілген

АгроОнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті органның агроОнеркәсіптік кешен аясындағы дайындаушы үйым қосылған құн салығы сомаларының бюджет қаражаты есебінен алған субсидия сомалары бойынша мәліметтерді беру қағидалары

1. Осы АгроОнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті органның агроОнеркәсіптік кешен аясындағы дайындаушы үйым қосылған құн салығы сомаларының бюджет қаражаты есебінен алған субсидия сомалары бойынша мәліметтерді беру қағидалары "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндettі төлемдер туралы" 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 583-бабы 7-2-тармағына сәйкес әзірленген және агроОнеркәсіптік кешен саласындағы дайындаушы үйым қосылған құн салығы сомаларының бюджет қаражаты есебінен алған субсидия сомалары бойынша мәліметтерді беру тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидада мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) мәліметтер - агроОнеркәсіптік кешені саласындағы дайындаушы үйым қосылған құн салығы сомаларының бюджет қаражаты есебінен алған субсидия сомалары бойынша мәліметтер;

2) уәкілетті орган - салық және бюджетке төленетін басқа да міндettі төлемдердің түсуін қамтамасыз ету саласындағы басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган.

3. Осы Қағиданың қосымшасына сәйкес нысан бойынша жыл сайын 1 желтоқсанға дейінгі мерзімде бюджетке төленген қосылған құн салығы сомасын субсидия алған агроОнеркәсіптік кешен саласындағы дайындаушы үйым бойынша уәкілетті органға, агроОнеркәсіптік кешенді дамыту аясындағы уәкілетті органмен мәліметтер беріледі.

4. АгроОнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті орган Мемлекеттік органдардың бірыңғай көлік жүйесі электрондық байланыс арнасы арқылы мәліметтерді уәкілетті органға жібереді.

АгроОнеркәсіптік кешен аясындағы
дайындаушы үйым қосылған құн салығы
сомаларының бюджет қаражаты есебінен

алынған субсидия сомалары бойынша
мәліметтердің нысаны мен оны
агроөнеркәсіптік кешенді дамыту
саласындағы уәкілетті органның
оларды беру қағидасына
Қосымша

Нысан

**_____ жыл үшін агроөнеркәсіптік кешен саласындағы дайындаушы
ұйым қосылған құн салығы сомаларының бюджет қаражаты есебінен
алған субсидия сомалары бойынша мәліметтер**

теңге

№	Агроөнеркәсіптік кешен саласындағы дайындаушы ұйымның бизнес сәйкестендіру нөмірі	Субсидиялауға алынған сомасы	Субсидияны алған құні	Субсидия алынған салық кезеңі (тоқсан)
1	2	3	4	5

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК